







БРИФИНГ

ЖАҢАҚОРҒАН: БАРЛЫҚ САЛАДА ІЛГЕРІЛЕУ БАР



Жаңақорған ауданында өткен жылы ауқымды жұмыстар атқарылып, әлеуметтік-экономикалық дамуға оң өзгеріс байқалған. Бюджет көлемі артып, 16,1 млрд теңге болып бекітілсе, жыл соңында 19,6 млрд теңгеге жеткен.

Ауданда барлық салада ілгерілеу бар. Былтыр 35 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілген. Негізгі дақыл күріш 7545 гектарға себіліп, әр гектарынан 56 центнерден өнім алынып, 42 мың тонна камбаға құйылған.

Аудан әкімінің айтуынша, облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес былтыр бақша егуге 400 гектар жер беріліп, 805 отбасы егін етіп, өнімін жинап алды. Егістік алқаптарын аяқумен тұрақты қамтамасыз ету үшін 1,3 млрд теңге қаржы бөлінген.

Ауыл шаруашылығына су үнемдеу технологиясын кеңінен енгізу мақсатында 1500 гектар күріш егілетін таппалазермен тігестелді. Быыл 2100 гектар таппалазерге жоспарлануда. Былтыр ауданның ауыл шаруашылығы құрылымдары 43 техника сатып алып, машина-трактор паркі 8,6 пайыз жаңарды.

Мал шаруашылығы жақсы дамыған. Облыстағы мал басынын 25 пайызы Жаңақорған ауданына тиесілі. Мал шаруашылығын дамытуда үздік көрсеткіш көрсетіп «Озат аудан» атанды.

шөп, 38 мың тонна сабан және 37 мың тонна жем дайындалды, – деді аудан әкімі.

Ауданда 35 елді мекен орталықтандырылған ауысқу жүйесіне қосылған. Былтыр 4 елді мекеннің ауысқу жүйелерін жаңғырту аяқталды. Жаңақорған кентінің «МАИ бекеті», «Алтықрант» шағын аудандарындағы 1500-ге жуық тұрғын үйді ауысумен толыққанды қамтамасыз етуге ондағы негізгі қондырғылардың қуаттылығы жетпейді.

Электр желілерін жаңғырту үшін жалпы құны 9,6 млрд теңге болатын 21 жоба әзірленді. «Ауыл – ел бекіті» бағдарламасы аясында Жаңақорған кентіндегі жаңғырту жұмыстары жүйелі атқарылуда. Быыл жаңадан ашылған «Саяжай-1» аумағына электр желісін тартуға республикалық бюджеттен қаржы бөлінді.

Былтыр «Шалкия», Құттықо-

жа, «Кейден» ауылы табиғи газға қосылып, тұрғындар «көгілдір отынның» игілігін көрді. Сонымен қатар «Төменарық» ауылы мен кент аумағының қалып кеткен тұстарына да газ толық берілді. Қазір аудан халқын газбен қамту көрсеткіші 54 пайызға жетті.

Брифингте аудан әкімі Жаңақорған кентіндегі теміржол үстінен өтетін көпірге күрделі жөндеу басталғанын, былтыр тиісті қаражат бөлінгенін, жұмыс сәуір айында аяқталатынын хабарлады.

Ауданда кәсіпкерлік саласында да қарқын бар. Быыл шағын және орта кәсіпкер саны 6574-ке жеткен. Оның ішінде 389-ы – заңды тұлға, 2269-ы – шаруа қожалығы, 3916-ы – жеке кәсіпкер.

Аудандағы инвестициялық жобалардың бірі – «Qaratau fruits» шаруа қожалығына тиесілі алма бағы. Жобаға 1,6 млрд теңге инвестиция тартылған.

Ал «Шалкия минерал» ЖШС минералды ұнтақтар өндірісі былтыр іске қосылды. Жобаны іске асыруға 500 млн теңге инвестиция тартылған, 11 жаңа жұмыс орны ашылған.

Аудан әкімі әлеуметтік, денсаулық, білім, мәдениет, спорт салаларында да атқарылып жатқан жұмыстарға кенінен тоқталды. Ондағы көрсеткіштер мен алдағы атқарылар жобаларды тілге тиек етті.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

ТЕМІРЖОЛШЫЛАР ҰСТАХАНАСЫ

Жұмысшы мамандар кез келген саланың қызметін үздіксіз жалғастыруға мүмкіндік береді. Быыл елімізде оларға ерекше көңіл бөлініп, мәртебесін көтерудің маңызы артты.

Колледжде 300-ден астам жас теміржол саласының түрлі мамандықтары бойынша білім алып жүр. 9-11 сыныптар негізінде 16 мамандық оқытылып, бітіруші түлектердің дипломына қосымша 42 біліктілік жазылады.

– 2025-2027 жылдарға арналған техникалық және кәсіптік білім беруді трансформациялау бойынша жол картасы қабылданған болатын.

Ол сондай-ақ колледждің материалдық-техникалық базасын жаңарту, жаңғырту бағытында біршама игі бастама қолға алынғанын атап өтті.



Онда жаңа кәсіпорындар құру, жұмыс орындарын ашу, жұмысшылардың біліктілігін арттыру, кадр даярлауда колледждермен бірлескен жұмысты жолға қою жүзеге асырылды.

– Қазіргі жұмысшылар жоғары технологиялық жабдықтармен, автоматтандырылған жүйелермен жұмыс істейді. Бұл біліктілікті арттырып, интеллектуалды әлеуетті және шифрлық сауаттылықты, жеке қызығаттылықты үздіксіз дамытып отыруды талап етеді.

Назерке САНИЗОВА, «Сыр бойы»

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы №350-VI Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-проектік кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрілігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қызылорда облыстық инспекция басшыларының 2025 жылға Азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау КЕСТЕСІ

Table with 5 columns: Мемлекеттік органның атауы, Жеке қабылдау откізудің аты-жөні, Жеке қабылдау откізудің лауазымы, Азаматтарды қабылдаудың күні мен уақыты, Мемлекеттік органның, мекеменің орналасқан жері, Байланыс телефон.

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы №350-VI Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-проектік кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрілігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аудандық (қалалық) инспекция басшыларының 2025 жылға Азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау КЕСТЕСІ

Table with 5 columns: Мемлекеттік органның атауы, Жеке қабылдау откізудің аты-жөні, Жеке қабылдау откізудің лауазымы, Азаматтарды қабылдаудың күні мен уақыты, Мемлекеттік органның, мекеменің орналасқан жері, Байланыс телефон.

Хабарландыру

«Кен-Ай-Ойл-Қызылорда» ЖШС ашық отырыс нысанында: «2025 жылға арналған «Кен-Ай-Ойл Қызылорда» ЖШС келісім-шарттық аумағы үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар (жобалық құжаттар: рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы және табиғат қорғау іс-шаралары жоспары) жобасына қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау: 07.03.2025 жыл сағат 12:00-де Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренөзек кенті, Қонаев көшесі, №8 мекенжайында өтеді. Әсер ету аумағы: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы. Әсер ету аумағы: координаттары: 45°57'46,53321» СШ, 65°18'56,45113»BD

87024190246 телефонна хабарласуға болады. Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда (https://ecportal.kz), сондай-ақ ЖАО сайтында танысуға болады: https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/?lang=ru

Объявление

ТОО «Кен-Ай-Ойл-Қызылорда» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания проекта «Материалы для получения Экологического Разрешения на воздействие для контрактной территории ТОО «Кен-Ай-Ойл Қызылорда» на 2025 год (проектные документы: Проект нормативов допустимых выбросов (НДВ), Проект Программы управления отходами (ПУО), Проект программы производственного экологического контроля (ПЭК), Проект плана природоохранных мероприятий (ППМ)).

Общественные слушания состоятся: 07.03.2025 год в 12:00 часов по адресу: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренөзек, е.п. Қонаева 8.

Территория воздействия: координаты 45°57'46,53321»СШ, 65°18'56,45113»ВД.

Для подключения онлайн посредством видеоконференции-связи на платформе ZOOM необходимо перейти по ссылке: https://us04web.zoom.us/j/4956166428?pwd=PCcCrwZADCKXOPioI4W7ao0BCARZA.1

Инициатор: ТОО «Кен-Ай-Ойл Қызылорда», 120014, Қызылорда облысы, Теренөзек қ.п. Тасбуғет, улица Мустафа Шоқая, 9; БИН 020840003571, тел.: 87242210292; e-mail: too.kena@mail.ru.

Разработчик проектной документации: ТОО «EcoSmart», город Астана, район Нұра, улица Санжар Асфендияров, дом 3, кв. 180, БИН 240840011111; gulshat\_k@mail.ru, тел.: 8770676529.

По вопросам подключения к конференции обращаться по телефону 87024190246. Документация по проекту размещена на Едином экологическом портале https://ecportal.kz/ и на официальном интернет-ресурсе местного исполнительного органа https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/?lang=ru.

Электронный адрес и почтовый адрес местного исполнительного органа: КТУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования по Кызылординской области»: 120003, Кызылординская область, г. Кызылорда, ул. Султана Бейбарыса, №1, e-mail: a.koszhanova@korda.gov.kz Тел.: +7(7242)-60-53-69.

Замечания и предложения принимаются не позднее 3 рабочих дней до начала слушаний по электронному адресу a.koszhanova@korda.gov.kz и на сайте https://ecportal.kz/.

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мурат Қайырбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014ж.) 2024 жылдың 4 қыркүйегінде қайтыс болған азамат Мұратов Нұржан Ақбергеновичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Кеңесбай көшесі 203, тел.: 8 778 235 08 08, 8 777 067 92 37.

Жарамсыз деп есептелсін

Тобаликов Айбек Жусуповичтің атына ҚР ҰҚК Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаментінен берілген №034496 қызметтік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басшыларға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Облыстық қоғамдық даму басқармасы мен «Сыр медиа» ЖШС ұжымы және Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы облыстық «Сыр бойы» газетінің бөлім басшысы, әріптесіміз Айнұр Батталоваға інісі Еркәнат Сәрсенбайұлының мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Footer section containing social media links (Facebook, Twitter, Instagram), contact information for Syrbойы (address, phone, email), and publication details (circulation, subscription rates).